

## Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 2014 жылғы 30 қазандағы № 235 шешімі. Қостанай облысының Эділет департаментінде 2014 жылғы 21 қарашада № 5164 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 2020 жылғы 15 мамырдағы № 383 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 15.05.2020 № 383 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 16-бабының 4) тармақшасына сәйкес ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

**Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 23.09.2019 № 311 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды (бұдан әрі - кемтар балалар) жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындары (бұдан әрі - оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) ай сайын алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өндіріп алынын.

**Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда - Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 21.04.2016 № 24 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Мыналар:

1) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алушы "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүргізеді;

2) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үйде оқытылатын кемтар балалардың ата-аналарына және өзге де занды өкілдеріне (бұдан әрі – қызметті алушылар) беріледі;

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін көрсетілетін қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

өтініш;  
көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат;  
тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы);  
психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы;  
мүгедектігі туралы анықтама;  
банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді растайтын құжат;  
мүгедек баланы үйде оқыту фактісін растайтын оқу орнының анықтамасы.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері ұсынылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады;

4) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін төлемақылар тиісті оқу жылы ішінде өтініш берген айынан бастап тағайындалады және әр кемтар балаға ай сайын төленеді деп белгіленсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 21.04.2016 № 24 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 23.09.2019 № 311 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қырық үшінші,

кезектен тыс

сессияның төрағасы

Аудандық

мәслихат хатшысы

A. Мәдибаев

C. Жолдыбаев